

Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2011 жылғы 17 ақпандағы № 25-2-02/71 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2011 жылды 7 сәуірде № 6840 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2012 жылғы 17 қантардағы № 10-1/18 бұйрығымен

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2012.01.17 № 10-1/18 (қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 63-бабын және «Өрт қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының 1996 жылғы 22 қарашадағы Заңын іске асыру мақсатында,

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережесін бекітілсін.

2. «Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Орман және аңшылдық шаруашылығы комитеті төрағасының 2004 жылғы 13 желтоқсандағы № 268 (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 3369 нөмірмен тіркелген, «Заң газетінде» 2005 жылғы 2 қарашада № 202 (936) жарияланған) бұйрығының күші жойылды деп танылсын.

3. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Табиғат ресурстарын пайдалану стратегиясы департаменті (Ж.Ы. Омаров) заңнамада белгіленген тәртіппен осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрық бірінші рет ресми жарияланғаннан бастап он күнтізбелік күн еткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр

A. Құрішбаев

К е л і с і л д і :

*Қазақстан Республикасы
Төтенше жағдайлар министрі*

B. Божко

2011 жылғы 23 ақпан

Қазақстан

Республикасы

Ауыл

шаруашылығы

министрінің

2011

жылғы

17

ақпандасы

№

25-2-02/71

бүйрек мем

бекітілген

Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережесі

1. Жалпы ережелер

1. Осы Қазақстан Республикасының ормандарындағы өрт қауіпсіздігі ережесі (бұдан әрі - Ереже) Қазақстан Республикасы Орман кодексінің (бұдан әрі - Кодекс) 63-бабына және 1996 жылғы 22 қарашадағы «Өрт қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі - Заң) сәйкес әзірленіп, жеке және заңды тұлғаларға - орман иеленушілер мен орман пайдаланушыларға олардың ормандар да өрт қауіпсіздігін қамтамасыз етуі жөнінде қойылатын талаптарды айқындайды. Ереже сондай-ақ орман өрттерінің алдын алу, оларды дер кезінде байқау және жою, орман қорының аумағында жұмыс істейтін және жүрген барлық адамдардың осы Ереженің талаптарын орындаудың қамтамасыз етуі жөніндегі іс-шараларды жүргізу тәртібін айқындайды.

2. Ормандардағы өрт қауіпсіздігі мәселелерін басқару

2. Орман шаруашылығы саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - уәкілетті орган), оның аумақтық бөлімшелері, сондай-ақ Кодекспен және Заңмен айқындалған өздерінің құзыretі шегінде жергілікті атқарушы органдардың ормандар мен жануарлар дүниесін қорғау жөніндегі құрылымдық бөлімшелері ормандарда өрт қауіпсіздігін басқару органдары болып табылады.

3. Кодектің 13-бабын сәйкес уәкілетті орган, оның аумақтық бөлімшелері орман өрттерінің шығуының алдын алу және олармен күресу мақсатында:

1) ормандарды өрттерден күзету, қорғау мәселелері бойынша бағдарламалар әзірлейді және олардың орындалуын қамтамасыз етеді;

2) өзінің қарауындағы орман қорының аумағы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда ормандарды өрттерден күзетуді, қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

3) орман қорының аумағы мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардағы орманның жай-күйіне, оларды өрттерден күзетуге, қорғауға мемлекеттік бақылауды жүзеге асырады;

4) Қазақстан Республикасының өрт қауіпсіздігі жөніндегі орталық атқарушы органымен бірлесіп орман пайдаланушылардың орман пайдалану кезінде әзірлейтін өртке қарсы іс-шаралар жоспарларына қойылатын талаптарды айқындаайды.

4. Кодекстің 15-бабына сәйкес жергілікті атқарушы органдар:

1) уәкілетті органмен келісім бойынша ормандарды өрттерден күзету, қорғау жөнінде өнірлік бағдарламалар әзірлейді және оларды іске асырады;

2) өздерінің функционалдық қарауындағы орман қорының аумағында ормандарды өрттерден күзетуді, қорғауды ұйымдастырады және қамтамасыз етеді;

3) орман қорының аумағында орман өрттерінің алдын алу және олармен күресу жөніндегі іс-шаралардың жыл сайынғы жоспарларын (бұдан әрі - іс-шаралар жоспары) әзірлейді және іске асырады;

4) орман өрттерін сөндіруге жеке және занды тұлғаларды, сондай-ақ ұйымдардың өртке қарсы техникасын, көлік және басқа да құралдарын тарту тәртібін айқындауды, осы жұмысқа тартылатын адамдарды қозғалыс, өрт сөндіру құралдарымен, ас-сумен және медициналық жәрдеммен қамтамасыз етеді;

5) қоғамдық өрт сөндірушілер бірлестіктерінің жұмыс істеуіне көмек көрсетеді;

6) орман қоры аумағындағы өрттерді сөндіру үшін өрт қауіпті бар маусымға жанар-жағар май материалдарының қорын жасайды;

7) шаруа қожалықтарының және өзге ауыл шаруашылығы ұйымдарының орман қорына жапсарлас ауыл шаруашылығы егістіктерінде, жайылымдар мен шабындықтарда аңыздық, орақтан кейінгі және өзге де өсімдік қалдықтарын жағуына бақылау жасалуын қамтамасыз етеді;

8) өртке қарсы насиҳатты, ормандарды сактау туралы мәселелердің бұқаралық ақпарат құралдарында жүйелі түрде көрініс тауып тұруын, осы Ереженің орындалуын ұйымдастырады;

9) орман өрттерімен күрес жөніндегі жұмысты үйлестіреді;

10) орманда жоғары өрт қауіпі бар кезеңде жеке тұлғалардың орман қоры аумағында болуына тосқауыл қою және орман пайдалану құқығын тоқтата тұру туралы шешімдер қабылдаайды.

5. Кодекстің 21-бабына сәйкес ормандарда өрт қауіпсіздігі талаптарының, ормандағы өрттердің алдын алу жөніндегі, оларды дер кезінде байқау мен жоюды қамтамасыз ету жөніндегі іс-шаралардың орындалуын, сондай-ақ өртендер алаңының есебін жүргізуін дәлдігін және мемлекеттік орман қорына өрттен келген нұқсанды анықтау, орман өрттерінің зардаптарын жою жөніндегі шаралардың уақтылы қабылдануына мемлекеттік бақылауды уәкілетті органның, оның аумақтық бөлімшелерінің лауазымды адамдары жүзеге асырады.

Орман мекемелерінің мемлекеттік орман күзеті, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың мемлекеттік инспекторлары орман қоры жерлерінде, сондай-ақ орман өрттерінің шығуының тікелей қатері төнген жағдайда оларға іргелес аумақтарда орман өрттерінің алдын алу, оларды дер кезінде байқау және сөндіру жөнінде жұмыстар жүргізді.

6. Ормандарда орналасқан елді мекендерді өрттерден қорғауды қамтамасыз ету үшін атқарушы органдар мен орман иеленушілер орман өрттері кезінде оттың ғимараттар мен құрылыстарға тарапу мүмкіндігін болдырмайтын іс-шаралар (ені кемінде 4 м болатын минералды жолақтар тарту, жазғы маусымда құрғак өсімдіктерден тазарту) әзірлейді және орындаиды.

7. Орман шаруашылығының мемлекеттік мекемелері мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда өртке қарсы қызметтер құрылып, олардың құрамында өрт сөндіру-химиялық станциялар жасақталады.

Орман пайдалануға берілген орман қоры участеклерінде, сондай-ақ жекеше ормандар участеклерінде өрт сөндіру бекеттері құрылады.

8. Мемлекеттік орман мекемелерінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың және орман пайдаланушылардың қызметкерлері (жұмысшылары, қызметшілері) орман өрттерімен күресуге арналған резервтік күштер болып табылады.

9. Ормандардың баруға қыын және өртке неғұрлым ұрымтал бағалы участеклерін қарауылдау үшін, сондай-ақ өрт сөндіру үшін маманданған кәсіпорындардың немесе ормандарды күзету және орман қорын қорғау жөнінде авиациялық жұмыстар орындаитын мекемелердің күштері мен құралдары тарталады.

10. Ірі орман өрттерін сөндіру үшін жергілікті атқарушы органдар жыл сайын бекітіп отыратын іс-шаралар жоспарларына сәйкес өртке қарсы мемлекеттік қызмет бөлімшелері, жеке және занұнды тұлғалар, сондай-ақ олардың өртке қарсы техникасы, көлік және басқа құралдары тарталады.

11. Орман қорын өрттерден қорғауға, олардың алдын алуға және сөндіруге қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктері қатысады.

12. Жыл сайын мемлекеттік орман иеленушілер, орман пайдаланушылар осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес өртке қарсы іс-шаралар жоспарының талаптарын есепке ала отырып әзірленген өртке қарсы іс-шаралар жоспарын іске асырады.

3. Мемлекеттік орман мекемелеріне орман қорын өрттерден қорғау жөнінде қойылатын негізгі талаптар

13. Кодекстің 26-бабына сәйкес мемлекеттік орман иеленушілер ормандардағы өрт қауіпсіздігі талаптарын орындаиды және орман өрттерінің

алдын алу (профилактикасы) жөнінде мына іс-шаралардың орындалуын
қамтамасыз етеді:

1) орман қоры аумағын өртке қарсы және санитарлық тұрғыдан жабдықтауды
қамтамасыз етеді, осы Ереженің бұзылуының алдын алады, оны дер кезінде
байқайды және оған тосқауыл қояды, орман қорының аумағында шығатын орман
өрттерін сөндіру жөнінде шаралар қолданады;

2) орман қоры участеклері орман пайдалануға берілген орман
пайдаланушылар өртке қарсы іс-шаралар жоспарларын жасауы кезінде оларға
көмек көрсетеді;

3) орман өрттерін және олардың зардаптарын тіркеп отырады.

4. Орман пайдалануды жүзеге асыру кезіндегі өрт қауіпсіздігі талаптары

14. Өрт қауіпі бар маусымда орман қоры аумағында:

1) жас қылқан жапырақты ағаштарда, ескі өртендерде, бұлінген орман
участеклерінде (жел, дауыл құлатқан), кесілген ағаш қалдықтары мен
дайындалған сүрек жатқан кеспеағаштарда, шебі қурап қалған жерлерде,
сондай-ақ ағаштар ұшарбасының түбінде от жағуға жол берілмейді. Қалған
жерлерде от жағуға ені кемінде 4 метр минералды жолақтармен белгіленген
алаңдарда рұқсат етіледі. От топырақпен мұқият көміледі немесе оған бықсып
жағуын толық тоқтатқанша су құйылады;

2) жанып тұрған шырпыны, темекі тұқылын тастауға және темекі тартатын
трубкалардан ыстық шоқтарды қағып түсіруге;

3) аң аулау кезінде тез немесе бықсып жанатын материалдардан жасалған оқ
тығындағы пайдалануға;

4) жанар-жағар май заттары сіңген сұрту материалын осы үшін арнайы
көзделмеген орындарда қалдыруға;

5) іштен жанатын қозғаыш жұмыс істеп тұрғанда отын бағына жанар май
куюға, оталғышының май шашу жүйесі бұзылған машиналарды пайдалануға,
сондай-ақ жанар май құйылып жатқан машиналардың жанында шылым шегуге
немесе ашық отты пайдалануға жол берілмейді.

15. Өрт қауіпі жағдайын бәсендету мақсатында орман иелері өткізетін орман
қоры аумағындағы және оған іргелес аумақтарда басқарылатын өртеуден басқа,
жердің барлық санаттарында шөптесін өсімдіктерді өртеуге жол берілмейді.

16. Ағаш дайындаушылар, жеке және заңды тұлғалар:

1) орманда жолдар, газ-мұнай құбырларын, электр, байланыс, радио
желілерін және басқа да коммуникациялар салу кезінде орман қоры
участеклерінің иелері орман пайдалануға берілген рұқсат құжаттарында

белгілійтін тәртіппен және мерзімде қалып қалған сүректі және тез жанатын өзге де материалдарды жинап алуға;

2) орманда жұмыс істеу кезінде жанар-жағармай материалдарын стандартты жабық ыдыстарда сақтауға, олар сақталатын орынды радиусы 5 метр аралықта есіп тұрған өсімдіктерден, сүрек және тез жанатын басқа да қалдықтардан тазартуға, ені кемінде 4 метр минералды жолақтармен қоршауға;

3) жұмыс кезінде жарылғыш заттарды қолданған жағдайда жару жұмыстарын жүргізу орыны мен уақыты жайында орман қоры участеклерінің иелерін алдын-ала хабардар етуі, аяу райы жағдайларына байланысты өрт қауіптілігінің IV-V сыныптары кезінде жару жұмыстарын тоқтатуға;

4) жұмыс орындарында және объектілер орналасқан жерлерде немесе мәдени-сауықтыру және басқа да шаралар өткізілетін аймақтарда, орман пайдалануға берілген шалғайдағы мал шаруашылығы участеклерінде осы Ереженің 2, 3 және 4 қосымшаларында көрсетілген нормалар бойынша өртке қарсы жабдықтары мен орман өрттерін сөндіруге арналған құралдары болуы, осы аталған жабдықтар мен құралдарды өрт шыға қалған жағдайда дереу пайдалануға толық дайындық жағдайында ұстауы қажет.

Ортке қарсы жабдықтармен және орман өрттерін сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары бекітілмеген жеке және занды тұлғалардың жұмыс орындары мен объектілер орналасқан жерлерде тізбесі мен саны мемлекеттік орман иеленушімен келісіп алынатын бастапқы өрт сөндіру құралдары (су құйылған күбілер, құм толтырылған жәшіктер, өрт сөндіргіштер, балталар, құректер, сыпыртқылар және басқалар) болады;

5) орманда жұмыс істейтін бөлімшелерде, сондай-ақ орманда орналасқан кенттерде өрт қаупі бар маусымға шыққан өрттерді сөндіру кезінде пайдалану үшін жұмысшылардан, қызметшілерден және басқа да азаматтардан дайындықтан өткен қоғамдық өрт сөндіру бірлестіктерін құруы қажет.

17. Орманды тұрмыстық қалдықтармен және тастандылармен ластауға, орманға қоқыс пен құрылыш қалдықтарын төгуге болмайды.

18. Орманға жақын жерлерде қоқысты жағу арнайы бөлінген участеклердеғана мына шарттарды сақтаған жағдайда жүргізіледі:

1) жағатын орындар (шұңқырлар немесе алаңдар) қылқан жапырақты орман шетінен немесе жеке есіп тұрған қылқан жапырақты ағаштар мен талдардан кемінде 50 метр, жапырақты орман шетінен және жеке есіп тұрған жапырақты ағаштардан кемінде 25 метр қашықтықта бөлінеді;

2) қоқыс жағатын орынның айналасы 15-20 метр радиуста қурап қалған ағаштардан, шөпшектерден, кесілген ағаш қалдықтарынан, тез тұтанатын басқа да материалдардан тазартылуға және ені кемінде 4 метр, ал құрғақ топырақты қылқан жапырақты орманға жақын маңдағы участеклерде - кемінде 5 метр

минералды

жолақпен

белгіленеді.

3) өрт қауіпі бар маусымда қоқыс жағу ормандағы өрт қауіптілігінің 1-2 сыйыптары жағдайында ормандарда желсіз тынық немесе жауын-шашынды ауа райында арнайы бөлінген адамдардың қадағалауымен жүргізіледі. Қуанышлық кезеңдерде қоқыс жағуға болмайды.

19. Орман қоры аумағында жұмыс жүргізетін немесе объектілері бар жеке тұлғалар, ұйымдардың басшылары өрт қауіпі бар маусым басталар алдында, ал мәдени-бұқаралық және басқа да шаралардың өткізуіне жауапты тұлғалар - дем алушылар орманға келер немесе кетер алдында осы Ережені сақтау, орман ерттерінің шығуын ескеरту жайында, сондай-ақ оларды сөндіру тәсілдері жайында жұмысшылармен, қызметшілермен немесе мәдени-бұқаралық және басқа да шаралардың қатысуышыларымен нұсқаулық жүргізеді.

20. Ағаш кесу шараларын жүргізетін занды және жеке тұлғалар (ағаш дайындаушылар) ағаш кесудің тәсілі мен уақытына қарамастан ағаш дайындаумен бір мезгілде ағаш кесілген жерді кесілген ағаш қалдықтарынан тазартады.

Тазарту тәсілдерін мемлекеттік орман иеленуші ағаш кесу билетінде көрсетеді.

Ағаш кесілген жерлерді тазарту кезінде ағаш дайындаушылар мына талаптарды орындаиды:

1) қыс кезінде сүрек дайындалған және кеспеағаш тазартылған жағдайда кеспеағашты көктемде тазарту жұмыстарын толық аяқтайды;

2) кесілген ағаш қалдықтарын шіріп кетуі немесе жағу үшін үйіп немесе жал сияқты қалап қояды, немесе оларды ұнтақталған күйінде орман шетінен кемінде 10 метр қашықтықта кеспеағаш ішіне шашып таставайды;

3) қыста дайындаудан қалған кесілген ағаш қалдықтарын өрт қауіпі бар маусым басталғанда дейін жағып жібереді. Жазда ағаш дайындаудан қалған және ағаш кесілген жерлерді тазартуды көктемде толық аяқтау кезінде жиналып қалған кесілген ағаш қалдықтары өрт қауіпі бар кезең аяқталғаннан кейін күзде жағылады.

Кесілген ағаш қалдықтарын жағу кезінде кеспеағаштағы тұқымдылардың, ескіндердің және кесілмеген басқа да ағаштардың сақталуы, сондай-ақ кесілген ағаш қалдықтарының толық жанып кетуі қамтамасыз етіледі.

Кеспеағаштағы кесілген ағаш қалдықтарын тұтас іс үйінде жағып жіберуге жол берілмейді.

Ағаштарды ұшарбастарымен бірге сүйретіп тасу кезінде кесілген ағаш қалдықтарын жоғарғы қоймаларда (тиеу бекеттерінде) жағу ағаш дайындаудың бүкіл кезеңі бойына жүргізіледі.

21. Кесілген ағаштар өрт қауіпі бар маусымға кеспеағашта қалдырылатын

жағдайда олар бұтақтарынан тазартылып, жерге нығыздап жинап қойылады.

Әрт қауіпі бар маусымға кеспеағашта қалдырылатын дайындалған ағаш өнімі қатар-қатар немесе текшеленіп жиналышп, ені кемінде 4 метр минералдандырылған жолақпен көмкерілуі керек.

22. Әрт қауіпі бар маусымға қалдырылған дайындалған сүрегі, сондай-ақ шіру үшін қалдырылған кесілген ағаш қалдықтары бар құрғақ топырақты жазық жерлердегі қылқан жапырақты ормандардағы кеспеағаштар ені кемінде 4 метр минералды жолақпен көмкеріледі. Көлемі 25 гектардан асатын кеспеағаштар сонымен бірге ені көрсетілген мөлшердегі минералды жолақтармен участелерге б ө л і н е д і .

23. Дайындалған сүректі қоймаға жинау 2004 жылғы 20 қыркүйектегі Құрылыштағы стандартизация, техникалық қалыптастыру және сертификация бойынша мемлекетаралық ғылыми-техникалық комиссиясы қабылданған «Ағаш материалдарының қоймалары. Әртке қарсы нормалары» 2.02-02-2004 ХҚН талаптарына сай жүргізіледі.

Жинау орындары және олардың айналасындағы көрсетілген өртке қарсы жыралар тез жанатын заттардан тазартылып, ені кемінде 4 метр минералды жолақпен, ал құрғақ топырақты қылқан жапырақты екпелерде - бір бірінен 5-10 метр қашықтықтағы осындай екі жолақпен көмкеріледі.

24. Жанама орман пайдалануды, ағаш сөлдерін және екінші дәрежелі орман ресурстарын дайындауды жүзеге асыратын орман пайдаланушылар:

1) өндірістік объектілерді мемлекеттік орман иеленушімен келісілген жерлерде орман шетінен кемінде 50 метр қашықтықта орналастыруды;

2) әрт қауіпі бар маусымда жұмыс уақытынан тыс мезгілде өндірістік объектілер шоғырланған жерлерде оларды күзетуді;

3) аумақты өндірістік объектілерден 50 метр радиуста тез жанатын материалдардан тазартылған күйінде ұстауды;

4) осы аумақтар шекарасы бойымен ені кемінде 4 метр минералдандырылған жолақ, ал құрғақ топырақты қылқан жапырақты екпелерде - бір бірінен 5-10 метр қашықтықтағы ені осындай екі минералдандырылған жолақ тартуды жүзеге а с ы р а д ы .

25. Жеке тұлғалар белгіленген нормалар шегінде жанама орман өнімдерін (саңырауқұлақтар, жидектер, дәрі-дәрмектік өсімдіктер) ақысыз негізде (орман билетін жазбай) дәстүрлі жинауды жүзеге асырған кезде олар осы Ереженің 16-тармағында көрсетілген жалпы талаптарды басшылықта алады.

26. Шайыр дайындастын орман пайдаланушылар:

1) шайыр сақталатын аралық қоймаларды тез жанатын материалдардан тазартылған алаңдарда:

2) мемлекеттік орман иеленушілермен келісім бойынша шайыр сақталатын

негізгі қоймаларды тез жанатын материалдардан тазартылған орман шетінен кемінде 50 метр қашықтықтағы аландарда орналастырады;

3) осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көрсетілген шекара бойымен ені кемінде 4 метр минералдандырылған жолақ жасап, оны өрт қауіпі бар маусым бойына тазартылған күйінде ұстайды;

4) шайыр жинау үшін әзірленген участеклерде шылым шегуге арналған жабдықталған орындар орналастырады.

27. Іздестіру, геодезиялық, геологиялық, орман орналастыру және басқа да экспедициялар, партиялар және отрядтар жұмыстар басталғанға дейін жұмыстар жүргізу, негізгі базалардың орналасу орындарын, орманды жүру маршруттарын және өрттердің алдын алу және сөндіру жөніндегі іс-шаралар тізбесін орман қоры участеклерінің иелерімен келісіп алады. Бұл ретте жұмыстардың барлық қатысуышылары осы Ережемен танысады.

28. Өрт қауіпі бар кезеңде орман аймағында іздестіру, геодезиялық, геологиялық, орман орналастыру және басқа да экспедициялардың, партиялардың және отрядтардың базалары орналасқан жерлердің шекарасы бойымен ені кемінде 4 метр минералды жолақ тартылады, оны әртүрлі жанғыш қалдықтардан үнемі тазартып отырады.

29. Туристік базалары, сауықтыру лагерьлері, демалыс үйлері және басқа да туризм мен демалыс объектілері бар немесе орман қоры аумағында мәдени-сауықтыру, туристік және спорттық шаралар өткізіп тұратын жеке және занды тұлғаларға орман иеленушілермен келісім бойынша туристік тұрақтар жасау және басқа да бұқаралық іс-шаралар жүргізу үшін тұрақты демалыс орындары ретінде орман участеклерін өрт қауіпі бар маусымда пайдалануға осы участеклерде от жағатын және қоқыс жинайтын орындар жабдықталған, сондай-ақ ені кемінде 4 метр минералдандырылған жолақтар тартылған және участекер жанатын қоқыстан тазартылған күйінде күтіп ұсталған жағдайда пайдалануға рұқсат етіледі. Бұл ретте осы шараларға қатысуышылар осы Ереженің талаптарымен таныстырылады.

30. Орман қоры участеклері орман пайдалануға берілген орман пайдаланушылар осы Ереженің 4-тaraуында көзделген талаптарды орындаумен қатар мынадай өртке қарсы іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етеді:

1) Жыл сайын осы Ереженің 1-қосымшасына сәйкес өртке қарсы іс-шаралар жоспарының талаптарын есепке ала отырып әзірленген өртке қарсы іс-шаралар жоспарын іске асырады;

2) орманды өртке қарсы жыралар мен жолдар, өртке қарсы қорғаныштық минералды жолақтар, арықтар, суаттар жасайды, орманды тез жанатын материалдардан тазартады және ормандардың өрт қауіпсіздігін арттыруға бағытталған басқа орман шаруашылығы іс-шараларын жүргізеді;

3) осы участеклер арқылы өтетін кезеңінен пайдаланылатын орман жолдарының бойында дем алу және шылым шегу орындарын жабдықтайды;

4) осы Ережені бұзуды болдырмау шарапарын қолданады, өрт қауіпі бар маусымда тұрақты түрде қадағалау мен жерден қарауылдау арқылы орман өрттерін дер кезінде байқауды қамтамасыз етеді;

5) орман өрттері және олардың зардаптарын тіркеп отырады, өртеңдер алқаптарының дәл есебін жүргізуі қамтамасыз етеді, орман қорына өрттер келтірген нұқсанды анықтайды және бұл туралы мәліметтерді тиісті мемлекеттік орман иеленушіге береді;

6) материалдық-техникалық базаны, өрт сөндіру күштері мен құралдарын тұрақты дайындық жағдайында ұстайды;

7) орман өрттері шыға қалған жағдайда өрт жайында орман иеленушіге дерен хабарлап, оларды өз күшімен сөндіреді;

8) өзіне орман пайдалануға берілген орман қоры участеклеріне немесе олармен аралас участекерге қатысы бар мемлекеттік орман иеленушінің ормандарда өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және орман өрттерін сөндіру жөніндегі іс-шараларына қатысады.

31. Аумағы арқылы темір және автомобиль жолдары (соның ішінде ағаш таситын жолдар) өтетін орман қоры жерлерінде орман пайдалануды жүзеге асыратын жеке және занды тұлғалар мынадай талаптарды орындауы:

1) темір және автомобиль жолдары өтетін белдеу бойының жиектерін ағаш қалдықтарынан, тез жанатын материалдардан тазартылған күйінде ұстаяу керек. Ағаш таситын жолдардың бойында тазартылған жиектердің ені жолдың екі жақ қапталында кемінде 10 метрді құрайды;

2) қылқан жапырақты екпелерде осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген жол жиектерінің шекарасы бойымен бір бірінен 5 метр қашықтықта әрқайсысының ені 4 метр екі минералды жолақ, ал ағаш таситын және басқа да орман жолдарының бойында - жолдың әр қапталында ені 4 метр бір жолақ жасап, оларды өрт қауіпі бар маусым бойына тазартылған күйінде күтіп ұстаяу;

3) құрғақ топырақты қылқан жапырақты екпелерде жақын маңнан өтетін жолдардың айналасына, сондай-ақ ағаш көпірлер, тұрақты платформалар, тұрғын үйлер, жол аралаушылардың үйшіктері айналасына шпалдарды текшелеп жинап қоюға және қардан қорғайтын қалқандар орнатуға және ені кемінде 4 метр минералдандырылған жолақты өрт қауіпі бар маусым бойына тазартылған күйінде құтіп ұстаяу;

4) ықтимал өрттерді дер кезінде байқау және сөндіру мақсатында орман алқаптары арқылы өтетін тепловоздар жүретін темір жол участеклерінде өрт қауіпі бар кезеңде қарауылдау ұйымдастыруы;

5) орманның өрт қауіпі бар участеклерінде тұтін шығаратын трубаларының

ұшқын сөндіргіштерінің ақауы бар тепловоздар мен автомобиль көлігін пайдалануға жол бермейі;

6) бөлінген жол жиектерінде немесе оған жақын жерлерде өрт шыға қалған жағдайда оны сөндіруді дереу ұйымдастырыуы, бұл жайында мемлекеттік орман иеленушіге не орман шаруашылығын басқарудың мемлекеттік органына және мемлекеттік өртке қарсы қызметіне хабарлауы керек.

32. Мұнай мен газ барлау және мұнай мен газ өндіру кәсіпорындары мен ұйымдары орман қоры аумағында жұмыс жүргізген кезде мына шараларды орындауы:

1) өрт қауіпі бар маусым бойына бұрғылау ұңғылары мен басқа да қондырғылар үшін бөлінген аумақтарды тез жанатын материалдардан тазартылған күйінде ұстасуы, осы аумақтардың шекарасы бойымен ені кемінде 4 метр минералданыштырылған жолақ жасап, оны өрт қауіпі маусым бойына тазартылған күйінде күтіп ұстасуы;

2) бұрғыланатын және пайдаланылатын ұңғылардан 50 метр радиустағы аланды сүрекдің мен бұғалардан толық тазарттуы (мұнай және газ ұңғыларын жабық жүйе бойынша 25 метр радиуста пайдаланғанда);

3) мұнайдың ашық ыдыстар мен шұнқыр ұраларда сақталуына, сондай-ақ аумақтың жанармай заттарымен (мұнаймен, мазутпен және сол сияқтылармен) ластануына жол бермейі;

4) егер мұнай қалдықтарын жағып жою өндіріс технологиясында көзделген болса, оларды жағу тәртібі мен уақытын орман қоры участеклерінің иелерімен келісіп алуды көрек.

33. Орман қоры аумағында орналасқан электр желілері бар жеке және занды тұлғалар осы желілер өтетін орман жолдарын өрт қауіпі бар маусым бойына өрт шығу тұрғысынан алғанда қауіпсіз жағдайда күтіп ұстайды және осындай желілердің ағаш мұнаралары мен бағаналарын 2 - 2,5 метр радиустағы құрғақ жерлерге көмеді.

34. Құбыр желілері бар занды тұлғалар орман алқаптары арқылы өтетін құбыр желілерінің бойындағы бөлінген жер жолақтары және күзет аймақтарын өрт шығу тұрғысынан алғанда қауіпсіз жағдайда күтіп ұстайды және желіні аралаушылар үйлерінің айналасына, сондай-ақ құбыр желілеріндегі құдықтардың айналасына ені 5 метр минералды жолақтар тартады.

35. Жер алқаптары орман қоры жерлерімен жапсарлас немесе оларға тікелей жақын орналасқан және (немесе) ормандардың күзет аймағында орналасқан жеке және занды тұлғалар Заң мен Кодексте, жергілікті атқарушы органдардың осы мәселе жөніндегі нормативтік актілерінде көзделген өрт қауіпсіздігі талаптарын сақтайды және ауыл шаруашылығы егістіктерінде, жайылымдар мен шабындықтарда аңызды, шөп-шалаңды және өзге де өсімдік қалдықтарын

бақылаусыз жағу салдарынан ормандардың және басқа да орманды жерлердің бүлінуіне жол бермейді.

5. Орман өрттерін сөндіру жөніндегі іс-шаралар

36. Орман пайдаланушылар мен ормандарда жұмыс жүргізетін немесе осында жолдары, қоймалары, құрылыштары және басқа да объектілері бар жеке және занды тұлғалар жұмыс орындарында, жолдарда, қоймаларда және басқа да объектілерде орман өрттері шыға қалған жағдайда осы өрттерді өз күштерімен және құралдарымен жоюға шаралар қолданады және өрт туралы орман қоры участеклерінің иесіне, жергілікті атқаруышы органдарға және өртке қарсы мемлекеттік қызмет орнына хабарлайды.

37. Азаматтар орман өртін байқап қалған жағдайда бұл жайында мемлекеттік орман иеленушінің орман шаруашылығы қызметкерлеріне, өртке қарсы мемлекеттік қызмет орнына, жергілікті атқаруышы органдарға хабарлайды және оны сөндіруге шаралар қолданады.

38. Жергілікті атқаруышы орган бекіткен жеке және занды тұлғаларды, сондай-ақ өртке қарсы техниканы, орман өрттерін сөндіру жөніндегі көлік және басқа құралдарды тарту жөніндегі іс-шаралар жоспарына сәйкес жеке және занды тұлғалар мемлекеттік орман иеленушінің талап ету бойынша жұмысшылар мен техникалық құралдарды орман өрттерін сөндіруге жібереді.

39. Орман мекемесінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың басшысы өрт туралы хабар алған соң оны сөндіру үшін шаралар, соның ішінде өрт шыққан аумақ бекітіп берілген өрт сөндіру-химиялық станцияның күшімен шаралар қолданады.

40. Өрт туралы хабар түскен жағдайда орман күзеті мекемесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтың өртке қарсы қызметінің басшысы:

1) комandanы өртке дереу аттанып кетуге әзірлеу жөнінде шаралар қолданады ;

2) орман мекемесінің басшысынан немесе орманшыдан (бағыныстырылғына қарай) нұсқаулар алады ;

3) комandanың немесе жеке бригаданың өртке аттанып кетуі туралы шешім қабылдайды .

41. Орманшылық аумағында бір мезгілде бірнеше өрт шыға қалған жағдайда немесе өртті тез сөндіру үшін бір өрт сөндіру-химиялық станцияның күші жетіспеген жағдайда орманшы көрші орманшылардың 2 типті өрт сөндіру-химиялық станциясының немесе I типті станциясының күштері мен құралдарын өрт сөндіруге жіберу үшін бұл жайында орман мекемесінің басшысана хабарлайды .

42. Орман мекемесінде, ерекше қорғалатын табиғи аумақта пайда болған өрттерді тез сөндіруге күштер мен құралдар жетіспеген жағдайда және өрттердің кең алқаптарға таралып кету қатері төнгенде орман мекемесінің, ерекше қорғалатын табиғи аумақтың басшысы бұл туралы жергілікті атқарушы органдарға, өртке қарсы мемлекеттік қызмет орнына хабарлайды және бекітілген Орман өрттерін сөндіру жөніндегі жоспарға сәйкес жергілікті ұйымдардың күштері мен техникалық құралдарын, халықты өрт сөндіруге тарту жөнінде шаралар қолданады. Егер өрттер дүлей күш апаты сипатына ие болса, орман мекемесінің басшысы авариялық-құтқару қызметтерінің күштері мен құралдарын өрт сөндіруге тарту жөнінде шаралар қолданады.

43. Орман мекемесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтар жеріндегі орман өрттерін сөндіруге жалпы басшылық орман мекемесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтардың басшысына жүктеледі.

44. Жердегі күзет аудандарындағы әрбір орман өртін сөндіру жөніндегі жұмыстарға тікелей басшылық жасауды орманшылық аумағында орманшы немесе орман күзеті мекемесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтың өртке қарсы қызметінің басшысы не орман пайдаланушының өрт сөндіру бекетінің бастығы (орман қорының тиісті участкерлері орман пайдалануға берілген орман пайдаланушыда ол болған жағдайда) жүзеге асырады.

Орманшы және орман күзеті мекемесі мен ерекше қорғалатын табиғи аумақтың өртке қарсы қызметінің күштері келіп жеткенге дейін орман өртін сөндіруге басшылықты тиісті аумаққа бекітілген мемлекеттік орман күзетінің қызметкері, ерекше қорғалатын табиғи аумақты қорғау жөніндегі мемлекеттік инспектор (орманшы көмекшісі, орман шебері не инспектор, орман күтуші) жүзеге асырады.

Ахуал ушығып кеткен жағдайда орман өртін сөндіруге басшылықты орман мекемесінің басшысы немесе оның тапсыруы бойынша осы мекеме басшысының орынбасары немесе осыған уәкілетті өзге адам жүзеге асырады.

45. Ормандарды авиациямен күзету аудандарында жету қын жерлерде орман өрттерін сөндіруге басшылықты өрт сөндіруге келген өрт сөндіруші-парашютшілер немесе өрт сөндіруші десантшылар командаларының ішінен лауазымы жоғары қызметкер жүзеге асырады.

46. Орман өртін сөндіру жөніндегі басшы:

1) өртті құрықтау іс-шараларымен байланысты емес барлық жұмысты тоқтатуы;

2) өртті сөндіруге қатысып жүрген адамдарды ықтимал жарақаттардан, уланудан, күйіп қалудан қорғауды қамтамасыз етуі;

3) адамдардың өміріне қатер төнген жағдайда қолда бар күштер мен құралдарды тегіс пайдаланып, оларды құтқаруды дереу ұйымдастыруы;

4) өрт сөндіруде жұмыс істеп жатқан барлық адамдардың жұмыстардың қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережелерді қатаң орындаудың қамтамасыз етуі;

5) өрт болып жатқан жерді тастап кетпеуі және өрт сөндірліп немесе сенімді түрде құрықталып болғанша жұмысшыларды босатпауы;

6) орман өрті шыққан аумақта жұмыс істейтін ұйым объектісінің басшысын немесе басқа лауазымды тұлғасын өрт орнына шақыру жөнінде шаралар қолдануы

қажет.

47. Орман өртін сөндіру басшысы өрт сөндірудің тиімді ұйымдастырылуын қамтамасыз ету үшін өртке алдын ала жасалған барлау деректерінің негізінде орман өртін сөндірудің тактикалық жоспарын жасайды. Барлау арқылы өрттің түрі мен күші, орманның неғұрлым өрт қауіпі бар және бағалы участеклері, сұаттар, оттың таралуын тоқтата алатын немесе қарсы өрт жіберу үшін тірек жолағы бола алатын тосқауылдар, сондай-ақ осындай тосқауылдарды немесе тірек жолақтарын құру қажет орындар анықталады.

48. Өрт сөндіру:

1) өртті тоқтату - өрт шетінде оттың алаулап жануын тоқтату;

2) сөндіру - оның одан әрі таралуы мүмкіндігін жою;

3) қосымша сөндіру - өрт ішіндегі жану ошақтарын сөндіру;

4) қарауылдау - жасырын жану ошақтарының және өрттің қайта шығу мүмкіндігінің жоқтығына көз жеткізуге жеткілікті белгілі бір уақыт бойы өрт сөндіру командалары жұмысшыларының өрт болған алқапта кезекшілік атқару;

5) өртті құрықтау - өрттің барлық жану ошақтарын түпкілікті түрде сөндіру және өрттің қайта шығып кету мүмкіндігінің болмау кезеңдерін қамтиды.

Өрт сөндіру тактикасын таңдау кезінде орман өртін сөндіру басшысы жергілікті жердің ерекшеліктерін және ауа райы жағдайларын, өрттің түрін, өрт сөндіру күштері мен құрал-саймандардың бар-жоғын ескереді.

49. Орман өрттерін сөндірудің мынадай негізгі жердегі тәсілдері:

1) төменгі өрттің шеттерін сабалау немесе оған топырақ шашу;

2) жер өндейтін құралдардың және жарылғыш материалдардың көмегімен минералды жолақтар тарту және орлар қазу;

3) өрттерді сумен немесе өрт сөндіргіш химикаттардың ерітінділерімен сөндіру;

4) жағу немесе қарсы өрт қою пайдаланылады.

50. Жетуге қыын аумақтарда және ірі орман өрттері шыға қалған жағдайда оларды сөндіру үшін ормандарды авиациямен күзету және орман шаруашылығына қызмет көрсету базасының, төтенше жағдайлар жөніндегі қызмет орындарының өрт сөндіруші-парашютшілер немесе өрт сөндіруші-десантшылар командалары тартылады.

51. Орман өрттерін сөндіру жұмыстары басталмай тұрып осы жұмыстарға

тартылатын барлық адамдар оларды жүргізу тәртібімен және қауіпсіздік техникасы жөніндегі ережемен таныстырылады.

52. Орман өрттерін тікелей сөндіруге 18 жасқа толмаған адамдар, екі қабат және бала емізетін әйелдер, мүгедектер, көру және есту қабілеттері нашар адамдар жіберілмейді.

Қазақстан

Республикасының

ормандарындағы
қауіпсіздігі
1-қосымша

өрт

ережесіне

Өртке қарсы іс-шаралар жоспарының талаптары

1. Орман иеленушілер және орман қоры участеклері орман пайдалануға берілген орман пайдаланушылар жыл сайын өртке қарсы іс-шаралардың жылдық жоспарларын (бұдан әрі - Жоспар) әзірлейді және оны іске асырады.

Жоспар мынадай екі бөлімнен тұрады:

- 1) өртке қарсы алдын алу іс-шаралары;
- 2) орман өрттерін сөндіруді ұйымдастыру.

2. Жоспардың бірінші бөлімінде шекарасында орман пайдалануға берілген орман қоры участекі (участеклері) орналасқан орман мекемесінің орман орналастыру материалдарына және ормандарды өртке қарсы орналастыру жоспарларына негізделген жұмыстардың нақты көлемдері мен оларды өткізу орындары көзделеді. Жоспарланатын іс-шаралар іс-әрекеттің дәйектілігін, бұдан бұрын орындалған жұмыстардың жалғастырылуын көздеуге және орман иеленушілер мен орман пайдаланушылардың орман қорының көршілес участеклерде атқарып жатқан жұмыстарымен байланыстырылады.

Жоспардың бұл бөлімінде қайда және қандай мерзімде өртке қарсы жыралар қазылатыны, өртке төзімді орман шеті құрылатыны, минералды және өртке қарсы басқа да қорғаныштық жолақтар тартылатыны, орман шаруашылығы және өртке қарсы жолдар, өрт сөндіру суаттары, өрт қадағалау мұнаралары, мачталар, тікүшақ келіп қонатын аланшалар, телефон байланысы желілері салынатыны, радио байланысы ұйымдастырылатыны көрсетіледі.

Жоспарға сондай-ақ бұрыннан бар өртке қарсы жыралар мен жолақтарға күтім жасау, өрт қадағалау мұнаралары мен өртке қарсы құрал-жабдықтар мен техниканы, жолдарды жөндеу, уақытша өрт күзетшілерін жалдау жөніндегі жұмыстар енгізіледі.

Барлық жұмыстар үшін күнтізбелік орындалу мерзімдері және осы жұмыстардың орындалуына жауапты адамдар, көлемі мен құны белгіленеді.

3. Жоспардың екінші бөлімінде өрттерді өз күштерімен де, бұл өрттерді

қандай да бір себептермен орман пайдаланушиның күштерімен және құралдарымен құрықтау мүмкін емес жағдайлар да сөндіруді ұйымдастыру жөніндегі шаралар көзделеді. Соңғы жағдайда орман қоры участекесінің иесі - орман мекемесімен келісе отырып орман өртін сөндіруге жіберілетін аталған орман мекемесінің күштері мен техникалық құралдары, сондай-ақ орман қорының тиісті участекесінде орналасқан аудандағы елді мекендерде орналасқан ұйымдардың, әскерилендірілген бөлімшелердің және өртке қарсы мемлекеттік қызмет күштері мен техникалық құралдары айқындалады. Сондай-ақ жоспарда орман өрттерін сөндіру, орман өрттерін сөндірумен айналысып жатқан адамдарды тамақтандыру мен медициналық көмекті, байланысты ұйымдастыру үшін ерікті қоғамдық құрамалар (командалар) құру, өрт қауіпі бар маусымға жанар-жағар май материалдарының қорын жасау көзделеді.

4. Орман қоры участекелері орман пайдалануға берілген орман пайдаланушылардың өртке қарсы іс-шаралардың жоспарлары үстіміздегі жылдың 15 ақпанынан кешіктірілмей келісу үшін орман иеленушілерге - орман мекемелеріне беріледі. Орман пайдаланушиның өртке қарсы іс-шараларының жоспары орман қоры участекелерінің иесімен - орман мекемесімен келісіп алынады және оны орман пайдаланушиның өзі бекітеді. Орман иеленуші бұл жоспарды орман мекемесінің кешенді жоспарына енгізіп, оның іске асырылуына бақылау жасалуын қамтамасыз етеді.

Қазақстан

ормандағы

қауіпсіздігі

2-қосымша

Республикасының

өрт

ережесіне

Орман қоры аумағында жұмыс істейтін орман пайдаланушыларға, жеке және занды тұлғаларға арналған өрт жабдықтарымен және өрт сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары

1. Ағаш дайындау қызметімен айналысатын орман пайдаланушыларға арналған өрт жабдықтарымен және орман өрттерін сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары:

1) алмалы-салмалы цистерналар, соның ішінде көлемі 1500 литр суға арналған қолдан жасалған немесе резенке ыдыстар - 1 дана;

2) аспалы тісті дөңгелекті сораптар - 2 комплект;

3) өнімділігі минутына 600-800 литр тасымалданатын өрт сөндіру мотопомпалары - 1 дана;

4) орман соқалары немесе трактормен басқа да топырақ өндеу құралдары - 1 даянада;

5)	күректер	-	2 0	дана;
6)	балталар	-	5	дана;
7)	тырмалар	-	2 0	дана;
8)	шартылдақтар	-	2 0	дана;
9)	бензин аралары	-	2	дана;
10)	арқаға іліп алатын орманда өрт сөндіргіш - бүріккіштер	-	5	дана;
11)	шелектер немесе сиымдылығы 12 литр су құятын резенке ыдыстар;			
12)	су ішуге арналған кружкалар	-	10	дана;
13)	алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишалары	-	2	дана.
2.	Орман өрттерін сөндіру бекеттеріне арналған өрт жабдықтарымен және орман өрттерін сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары:			
1)	алмалы-салмалы цистерналар, соның ішінде сиымдылығы 1500 литр суға арналған қолдан жасалған немесе резенке ыдыстар	-	1	дана;
2)	аспалы тісті дөңгелекті сораптар	-	1	дана;
3)	қысымды өрт сөндіру жендері - 100 құма метр, соның ішінде: Д 51 миллиметр	жендердің	5	жынтығы;
4)	тасымалданатын радиостансалар (ұйымдастырылған радио байланысы болған жағдайда)	-	2	дана;
5)	өнімділігі минутына 600-800 литр тасымалданатын өрт сөндіру мотопомпалары	-	1	дана;
6)	от жағу аппараттары	-	4	дана;
7)	НП-1 немесе баска маркалы сулағыштар, көбік түзгіш - 500 килограмм;			
8)	күректер	-	5 0	дана;
9)	балталар	-	5	дана;
10)	кетпендер	-	2 0	дана;
11)	тырмалар	-	2 0	дана;
12)	шартылдақтар	-	2 0	дана;
13)	бензин аралары	-	1	дана;
14)	арқаға іліп алатын орманда өрт сөндіргіш - бүріккіштер	-	5	дана;
15)	ауыз суға арналған сиымдылығы 10 литр бидондар немесе канистрлер	-	2	дана;
16)	алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишалары	-1	дана;	
17)	кезекші арнайы киім (етіктер, шалбарлар, қеудеше, қолғаптар), өрт сөндіру командасы тұрақты мүшелерінің санына қарай - жынтық.			
	Автомашиналар мен трактор тіркемелері аспалы сораптар орнату үшін жабдықталып, өрт қауіпі бар маусымға өрт сөндіру бекеттеріне бекітіледі. Қалған жабдықтар мен өрт сөндіру құралдары бекетте тұрақты тұрде тұрады. Ағаш тасымалдайтын автожолдардың ұзындығы 50 километрден асқан жағдайда (ағаш тасымалданатын қиғаш жолдарды қоса алғанда) алмалы-салмалы цистерналар			

саны 50 километр жолға бір цистерна есебімен көбейтіледі.

3. Сүрек дайындалатын және жиналатын орындарды (кеспеағаштар, жоғарғы қоймалар) өрт жабдықтарымен және құрал-саймандарымен қамтамасыз ету нормалары:

1)	куректер	-	10	дана;
2)	балталар	-	2	дана;
3)	тырмалар	-	5	дана;
4)	шартылдақтар	-	10	дана;
5)	бензин арасы	-	1	дана;

6) арқаға іліп алатын орманда өрт сөндіргіш-бүріккіштер - 5 дана;

7) шелектер немесе сиымдылығы 12 литр су құятын резенке ыдыстар;

8) су ішуге арналған кружкалар - 4 дана.

4. Орман қоры аумағында жұмыс істейтін тас, құм, балшық өндіретін карьерлерді өрт жабдықтарымен және құрал-саймандарымен қамтамасыз ету нормалары:

1)	куректер	-	10	дана;
2)	балталар	-	2	дана;
3)	кетпендер	-	2	дана;
4)	шартылдақтар	-	10	дана;
5)	бензин аралары	-	2	дана;

6) арқаға іліп алатын орманда өрт сөндіргіш-бүріккіштер - 5 дана;

7) ауыз суға арналған сиымдылығы 12 литр бидондар немесе канистрлар - 5

дана;

8) су ішуге арналған кружкалар - 5 дана;

9) қолғаптар - 10 жұп;

10) алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишалары - 1 дана.

5. Орман қоры аумағында жұмыс істеп жатқан мұнай мен газ өндіру кәсіпорындарын өрт жабдықтарымен және құрал-саймандарымен қамтамасыз ету нормалары:

1) сыйымдылығы 1500 литр суға арналған алмалы-салмалы цистерналар немесе резенке ыдыстар - 2 дана (арнайы орман өрттерін сөндіретін автоцистерналар болған жағдайда алмалы-салмалы цистерналардың болуы міндетті емес);

2) аспалы тісті дөңгелекті сораптар - 2 жиынтық;

3) өнімділігі минутына 600 - 800 литр тасымалданатын өрт сөндіру мотопомпалары - 1 дана;

4) қысымды өрт сөндіру жендері - 500 құма метр, соның ішінде: Д 66-77 миллиметр жендердің 20 жиынтығы (400 құма метр); Д 51 миллиметр жендердің 5 жиынтығы (100 құма метр);

5) бульдозерлер - 1 дана;

6) аса өтімді қорапты автомашиналар немесе вездеходтар (адамдар тасу үшін)

1 дана;

7) орман соқасы немесе басқа да топырақ өңдеу құралдары - 1 дана;

8) от жағу аппараттары - 5 дана;

9) НП-1 немесе басқа маркалы сулағыштар, көбіктүзгіш - 500 килограмм;

10) күректер - 50 дана;

11) балталар - 10 дана;

12) кетпендер - 20 дана;

13) тырмалар - 10 дана;

14) шартылдақтар - 20 дана;

15) бензин аралары - 5 дана;

16) арқаға іліп алатын орманда от сөндіргіш-бүріккіштер - 10 дана;

17) тасымалданатын радиостансалар (ұйымдастырылған радио байланысы

болған жағдайда) - 3 дана;

18) ауыз суға арналған сиымдылығы 10 литр бидондар немесеканистрлер - 6 дана;

19) кезекші арнайы киім (етіктер, шалбарлар, қеудешелер, қолғаптар), өрт сөндіру командасты тұрақты мүшелерінің санына қарай - жиынтық;

20) алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишалары - 2 дана.

Участкенің көлемі 30 мың гектардан асып кеткен жағдайда өрт сөндіру құралдары шоғырланған бекеттер саны әрбір 30 мың гектарға 1 бекет қажет болуы есебімен анықталады. Алмалы-салмалы цистернаға арналған автомашина аспалы тісті дөңгелекті сорап орнатуға лайықталады және өрт қауіпі бар маусым бойына бекете болады.

6. Орман алқаптары арқылы өтетін тас жолдары бар ұйымдарды орман өрттерін сөндіру құралдарымен қамтамасыз ету нормалары (орман өртін сөндіру бекеті):

1) алмалы-салмалы цистерналар, соның ішінде көлемі 1500 литр суға арналған қолдан жасалған немесе резеңке ыдыстар - 1 дана;

2) аспалы тісті дөңгелекті сораптар - 1 жиынтық;

3) қысымды өрт сөндіру жендері - 300 қума метр, соның ішінде: Д 66-77 миллиметр жендердің 10 жиынтығы (200 қума метр); Д 51 миллиметр жендердің

5 жиынтығы (100 қума метр);

4) от жағу аппараттары - 3 дана;

5) НП-1 немесе басқа маркалы сулағыштар, көбік түзгіш - 500 килограмм;

6) күректер - 50 дана;

7) балталар - 5 дана;

8) кетпендер - 5 дана;

- 9) т ы р м а л а р - 5 д а н а :
 10) ш а р т ы л д а к т а р - 1 0 д а н а ;
 11) б е н з и н а р а л а р ы - 2 д а н а ;
 12) арқаға іліп алатын орман өрт сөндіргіш-бүріккіштері - 5 дана;
 13) ауыз суға арналған сиымдылығы 10 литр бидондар немесе канистрлер - 2
 д а н а ;
 14) тұтінге қарсы респираторлар - 10 дана;
 15) қорғаныштық көзілдіріктер - 10 дана;
 16) қ о л ғ а п т а р - 2 0 ж ұ п ;
 17) алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишалары - 2 дана.

Орман өртін сөндіру бекеті тас жолдың әрбір 100 километріне ұйымдастырылады. Өрт қауіпі бар маусымда бекет адамдар және аспалы тісті дөңгелекті сораптар орнатуға лайықталған су құйылған цистерналар тасымалдауға арналған автомашинамен қамтамасыз етіледі.

Қазақстан
о р м а н д а р ы н д ағ ы
қ а у і п с і з д і ғ і
3-қосымша

Р е сп у б лика с ы н ы н
ө р т
е ре ж е с і н е

Орман қоры жерлерінде жұмыс істейтін желілік объектілерді (мұнай-газ құбырлары, электр, байланыс желілері және тағыда басқа да ұйымдарды (іздестіру партиялары, отрядтары, экспедициялары, пішен, дәрі-дәрмектік өсімдіктер, техникалық шикізат, жабайы өсетін жемістер, жаңғақтар, санырауқұлақтар, жидектер және орманның басқа да азық өнімдерін дайындау жөніндегі, мал жаюмен, ара ұялары мен омарталар орналастырумен айналысатын бригадалар және басқалар) орман өрттерін сөндіретін құрал-жабдықтармен қамтамасыз ету нормалары

Өрт сөндіретін құралдар	Жұмыс істейтіндер саны			
	5	6-10	11-20	21-50
Күректер, дана	2	5	10	20
Балталар, дана	2	2	2	2
Кетпендер, дана	1	1	2	5
Тырмалар, дана	-	2	5	10
Шартылдақтар, дана	2	4	10	20
Коларалар немесе бензин аралары, дана	1	1	2	5

Арқага іліп алатын орманда өрт сөндіргіш-бүріккіштер, дана	-	2	5	5
Суга құюға арналған сыйымдылығы 12 литрлік шелектер немесе резенке ыдыстар	2	5	10	20
Қолғаптар, жұп	5	10	20	40
Алғашқы көмек көрсетуге арналған дәрі-дәрмек қобдишалары, дана	1	1	2	2

Нормаларда көрсетілген өрт сөндіру құралдары жекелеген жұмысшылар топтары орналасқан жерлерде шоғырланады. Желілер бойын аралап жүрушілер тұратын жерлерде кестенің соңғы бағанында көрсетілген құрамдағы мен мөлшердегі өрт сөндіру құралдары шоғырланады.

Қазақстан

ормандарындағы
қауіпсіздігі
4-қосымша

өрт

Республикасының
режесінде

Туристік топтар орман қоры аумағында және туристік базалардағы жиналу бекеттерінде болған кездे оларды өрт жабдықтарымен және құрал-саймандарымен қамтамасыз ету нормалары

Өрт сөндіру құралдары	Құрал-саймандар саны			
	Туристік топтарда			Турбазада (100 дем алушыға шакқанда)
	6-10 адам	1-30 адам	30 адамнан көп	
Өнімділігі минутына 600-800 литр өрт сөндіру мотопомпалары, дана	-	-	-	1
Күректер, дана	-	3	5	30
Балталар, дана	1	2	3	10
Шартылдақтар, дана	4	8	10	20
Қоларалар немесе бензин аралары, дана	-	1	1	10
Арқага іліп алатын орманда өрт сөндіргіш-бүріккіштер, дана	1	3	5	8
Су құюға арналған сыйымдылығы 12 литр шелектер немесе резенке ыдыстар	1	3	5	30